

Д. А. Қонаев атындағы университет



Университет им. Д.А. Кунаева

*ДА. Қонаевтың 100-жылдығына арналған студенттер және
магистранттардың*

**«КАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ
ҒЫЛЫМДАРДЫҢ ДАМУЫНЫҢ ӨЗЕКТІМӘСЕЛЕЛЕРІ»**

*республикалық ғылыми-теоретикалық конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ*

МАТЕРИАЛЫ
*республиканской научно-теоретической конференции
студентов и магистрантов*

**«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ ОБЩЕСТВЕННЫХ НАУК В
РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН»,
посвященной 100-летию Д.А. Кунаева**

Алматы
21.05.2012

УДК 378
ББК 74.58
А43

Ответственный редактор: проректор по научно-исследовательской работе
Университета им. Д.А. Кунаева, доктор юридических наук Алибаева Г.А.

«Актуальные проблемы развития общественных наук в ^публики
Ка£1«ан>>, посвященная 100-летию Д.А.Кунаева : Сборник докл.- Алматы,
2012.- 356с

ISBN 9965-627-42-8

В сборнике представлены доклады магистрантов и студентов
^чественных вузов. В докладах были освещены проблемы
«ономических, социально-гуманитарных наук, посвященные 100-летию Д.А.
Кунаева.

УДК 378
ББК 74.58

СОДЕРЖАНИЕ

Вступительное слово ректора университета им. Д.А. Кунаева, доктора
юридических наук, профессора Кобабаева О.К.....7

ДОКЛАДЫ МАГИСТРАНТОВ

Абдикадырова А.А. Казакстан Республикасындагы білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесі.....	8
Абдрахимов Р. Казакстан республикасында қоршаған ортаға келтірілген зиянды өтеудің кейбір құқықтық мәселелері.....	11
Алменов Б.А. Тұрмыстық зорлық құрбандары үшін сенім телефоны.	15
Аманбекова Д.К. Коммерциялық және өзге ұйымдардың қызметкерлерімен жасалатын қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылықты көздейтін отандық заңнама нормаларының дамуы (тарихи анализ).....	7
Ахметова Г.Е. Астана қаласы бойынша кәмелетке толмағандармен жасалған қылмыстарды саралау.....	22
Әділбеков Н. Шетел валютасындағы қаражатты шетелден қайтармаудың объективтік белгілері.....	26
Баймаханов А.М. Сыбайлас жемқорлық ұғымының эволюциясы.....	35
Бекишева Э. Адам құқықтарының негізгі қағидалары.....	39
Ерматов А.Ә. Казакстан Республикасының экологиялық заңнамасы бойынша қоршаған ортаны өнеркәсіптік қызмет әсерінен құқықтық қорғау імәселелері.....	43
Ермеков С.М. Казакстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу ; процесіндегі ақдың алатергеудің мәні, міндеттері, мақсаты.....	48
Ермекова Г.С. Сравнение правового положения иностранцев в мире по международному частному праву.....	54
Жумашева Ш. Б. Местное самоуправление в зарубежных странах на примере: Великобритании, Франции, ФРГ.....	58
Зульярова З.М. Актуальные проблемы исполнения обязательств в гражданском праве Республики Казахстан.....	64
Имаш К. Пути утверждения принципов правового государства.....	72
Караманов М.С. Об особенностях производства следственных действий с участием иностранцев.....	77
Касыметова Б.Т. Критерии лично-профессиональных качеств современного преподавателя высшей школы в условиях инноваций в образовании.....	%j
Касыметова Б.Т. Правовой ликбез надо начинать с детства.....	89
Кибраев Б.М. Оқиға болған жердің мән - жайларын қайта жаңғыртудың құқықтық және тактикалық негізі.....	98

Кудебаев Н.С. Қарақшылық қурамының объектісі мен затын анықтаудың кейбір мәселелері.....	06
Қыдырғиязова Л.Б. Проблемы и пути выхода из финансово-экономического кризиса казахстанской экономики.....	Ю9
Ұйтеев Ғ. Экологиялық қылмыстылықпен күрес аясындағы қылмыстық саясатты жүзеге асырудың кейбір мәселелері.....	112
Мусиев Е. Айналыстан алынған заттардың немесе айналысы шектелген заттардың контрабандасы үшін қылмыстық-құқықтық жауаптылық заңнамасын жетілдіру проблемалары.....	j 15
Нұрмуханқызы Д. Проблемы имплементации норм международных документов по правам человека в области защиты права на свободу получения и распространения информации в национальное законодательство.....	U9
Нусамбаев М. Правовой статус Конституционного Совета Республики Казахстан.....	127
Оразбаев С.Б. Қазақстан және бүкіләлемдік сауда ұйымы.....	131
Орманбек Д. Терроризм қазіргі кездегі ең қауіпті қылмыс.....	135
Оспанова Ж.К. К вопросу о субъективной стороне преступления, предусмотренного ст. 236 УК Республики Казахстан «Организация незаконного военизированного формирования».....	137
Рысбекова Б.С. Қылмыстық жазаның мақсаттарын жүзеге асырудағы жаза жүйесінің мәселелері.....	14Q
Сапарбекова Ж.С Банк аясындағы қылмыстарды тергеу мәселелері.....	146
Сарыбаева З. Мемлекеттік салық қызметі стандарттарын қолдану тәртібі . . .	151
Сейфуллина Л.Б. Психологические компоненты правомерного поведения....	155
Сулейменова Д. Қазақстан Республикасындағы несие қатынастары дамуы мен құқықтық негіздері.....	15g
Смриқпаева А.О. Тольк серіктестіктердің құқықтық жағдайы.....	162
Татнева Қ.Т. Қинау қылмысына байланысты тергеу әдісінің кейбір мәселелері.....	173
Усенбаев Б. Еңбек құқықтарына байланысты жұмыс беруші мен жұмысшының арасындағы саясаттық шартының түсінігі мен маңыздылығы.....] 75

ДОКЛАДЫ СТУДЕНТОВ

Алишева А. Кәмілетке жасы томағандардан жауап алу тактикасының ерекшеліктері.....	Igl
Аннаева Ю.С Становление и развитие института парламентаризма в Казахстане.....	1 g4
Ардақұлы Д. Мемлекеттік тілді меңгеру.....	188

Ахметова А., Смайлова Г. Ақпараттық технологиялар: мүмкіндіктері шектеулі адамдардың компьютерді басқаруға арналған бағдарламалар.....	1Q0
Байдаулетова О.С Президент - адам құқықтарын қорғау жүйесіндегі кепіл институты ретінде.....	193
Байрамов Р. Религиозный экстремизм и терроризм в РК. Пути преодоления.....	1%
Джузенова А., Қарибжанов О.М. Қаржылық қорғалды - қаржылық тұрақтылықтың негізі.....	203
Есенаманов А. ҚР Прокурасының Конституциялық функцияларынмк өзекті мәселелері.....	208
Жабы к Д. Некоторые аспекты института суррогатного материнства: за и против.....	210
Жанабаев Ф. Р. Каспий теңізінің құқықтық мәртебесінің проблемалары.....	213
Жумабаева С. Қылмыстық заңның ұғымы мен құрылысы.....	216
Засоба И.В. Электронно-цифровая подпись, как основа реализации концепции предоставления электронных услуг физическим лицам на государственном веб-портале.....	223
Зодиева М. Негативное влияние компьютер-интернет мышления на креативность человека.....	226
Ибрагимқызы Ә. Адамды танытуға ұсынылатын тергеу әрекеті.....	228
Қадыров А.А. Об актуальных проблемах дальнейшего развития государства и общества в Казахстане.....	232
Қарибаев А. Конфедерация: қалыптасуы мен дамуы.....	235
Қдырбаева М. Келендік қылмыстарды алдын алу.....	240
Қим С. Великий сын казахского народа.....	244
Қоханов О. Меры защиты и освобождения заложников при террористических актах.....	246
Қунгейбаев Ж. Индустриалды-инновация - қазіргі Қазақстан дамуының басты талабы.....	251
Қамашаева М. Аудит проектов.....	256
Қахамбетова А.Д. Жеке істі бастауға -тәуекел, дамуға -жігер қажет.	259.
Қолдабаева А.У. Шетелдердің практикасындағы іс-әрекеттің қылмыстылығын жоюға мән-жайларға нәтиже.....	263
Қуратова А.Ж. Қазақстан Республикасындағы балалардың құқықтарын қорғаудың кейбір мәселелері.....	272
Қайып В. Феномен отцовства в современном обществе.....	279
Қоспанова А.Т. Азаматтық айналымға қатысушыларды, тауарларды және қызметтерді қалыптастыру құралдарын азаматтық құқықтық қорғау.....	282
Қадіржанов Д. Негативное влияние компьютерных игр.....	287
Қасымбаева Ф.Ж. Құқықтық мемлекеттің қалыптасуы мәселелері.....	290

3.Текст Конвенции 1982 года приводится по книге "Морское право: официальный текст Конвенции ООН по морскому праву с приложениями и предметным указателем" . - ООН, Нью-Йорк .- 1984.

Жумабаева С.
әл-Фараби ат. ҚазҰУ-нің
3 курс студенті

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушысы
Даубасова С.Ш.

Қылмыстық заңның ұғымы мен қурылысы

Қылмыстық заң мәселесі қылмыстық қуқық теориясы мен сот-тергеу тәжірибесіндегі өте маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Қылмыстық заң қылмыстық қуқықтың негізгі институттарының бірі. Қылмыстық заң болмаса қылмысты саралау, қылмыстық жауаптылық туралы, кінәліні әшкерлеп әділеттілікті қалпына келтіру т.б. мәселелердің ретін шешу мүмкін болмас еді[1]. Заңның өзі, онын ішінде қылмыстық заңнын орын алуы ол берік тәртіп пен дұрыс жүріс-туруы ережесінің орнығуын білдіреді. Қылмыстық заң дегеніміз - қылмыстық жауаптылықтың негіздері мен қағидаларын белгілейтін, қандай қоғамға қауіпті іс - қимылдарды қылмыс деп тануды, оларды жасағандығы үшін қандай жаза қолдану керектігін және қылмыстық жауаптылық пен жазадан босату мүмкіндіктерін анықтайтын, мемлекеттік билік органдарымен қабылданған нормативтік актіні айтамыз.

Қылмыстық заң — Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Республика Парламенті қабылдаған құқылық акті болып табылады,

Қылмыстық заңның міндеттері — бейбітшілікті және адамзаттың қауіпсіздігін, адам мен азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, меншікті аумақтық тұтастықты, конституциялық қурылысты, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, табиғи органы қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау және қылмыстың алдын алу болып табылады.

Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін қылмыстық, заңдар қылмыстық жауаптылықтың негіздерін белгілейді. Жеке адамға, мемлекетке немесе қоғамға қауіпті іс-әрекеттердің қандайы қылмыс болып табылатынын айқындайды. Қылмыс істеген адамдарға қолданылуы мүмкін және өзге де ықпал ету шараларын белгілейді.

Қылмыстық заң — қылмыстық қуқықтың ең негізгі көзі. Сот үкімі, уйғаруы немесе қаулысы қуқықтың незі болып табылмайды. Олардың нақты қылмыстық істер бойынша гана заңдылық күші бар.

Сондай-ақ Республика Жоғарғы Соты Пленумының басшы қаулылары да қуқық, нормасы болып табылады. Мундай қаулылар белгілі бір қылмыстық-қуқылық норманың түпкі мәнін ашып көрсетеді, оларды түсіндіреді. Сондықтан да ондай қаулылардың Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші болады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 1 бабының 1 бөлігіне сәйкес, Қазақстан Республикасының қылмыстық заңдары тек қана Қылмыстық кодекстен тұрады[2]. Қылмыстық жауаптылықты көздейтін өзге заңдар оларды осы Кодекске енгізгеннен кейін ғана қолданылуға тиіс. Яғни, бір нормативтік бастаудың болуы қылмыстық - қуқықтық ескертулерді жүзеге асыруды жеңілдетеді. Көптеген шет ел мемлекеттерінде Қылмыстық кодекс дара қылмыстық қуқықтық акт болып табылмайды. Мысалы, Германияда Қылмыстық кодекске енгізілмеген, біртектес қылмыстар үшін жауаптылықты белгілейтін қылмыстық - қуқықтық актілер қолданылады. Немесе АҚШ-ң кейбір штаттарында өзінің тәуелсіз қылмыстық заңдары, я болмаса қылмыстық заңмен параллелді жүретін өзге де заңдар бар. Біздің Қазақстан Республикасының ерекшелігі сол, біздің қылмыстық қуқықта негізгі формальды қайнар көз болып табылатын ол - Қазақстан Республикасының. Қылмыстық кодексі.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 1 бабының 2 бөлігінде қылмыстық заңның Қазақстан Республикасы Конституциясына және халықаралық қуқықтың жалпы жұрт таныған принциптері мен нормаларына негізделетіндігі көрсетілген. Қазақстан Республикасы Конституциясы қылмыстық-қуқықтық сипаттағы бірқатар нормаларды (өлім жазасы туралы мәселелерді, қажетті қорғану құқығын, заңды ұқсастығы бойынша қолдануға жол бермейтін нормалар) қамтыған.

Егер, Конституцияны мемлекеттің қуқықтық саяси негізін қурайды деп айтсақ, қылмыстық қуқықтың қайнар көздеріне Конституцияның (қылмыстық саясаттың қағидаларын олардың бағытын анықтайтын, заң атқару және қуқық қорғау органдарының, жаза жүйесін немесе нақты бір қылмыс қурамдарына қолдануды анықтаудың) барлық нормаларын жатқызуға болады[3].

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, халықаралық қуқықтың жұрт таныған қағидалары мен нормалары және ҚР халықаралық шарттары қуқық жүйесінің қурамдас белгісі болып табылады. Егер де, ҚР халықаралық шарттарында, заңмен қарастырылғаннан өзге ережелер ісөрсетілсе, халықаралық шарттар қолданылады. Халықаралық қуқықтың ормалары мен қағидалары халықаралық пактілерде, конвенциялар мен басқа а құжаттарда бекітілген. Мысалы: Адам қуқықтарының Жалпы еklärungысында, азаматтық және саяси қуқықтар туралы Пактіде, ономикалық, элеуметтік және мәдени қуқықтар туралы Пактіде.

Атап айта кететін жағдай, Қылмыстық кодекске бірқатар баптар алықаралық шарттарға сәйкес енгізілген. Мысалы: 1961 жылғы Есірткі ттар туралы бірыңғай конвенция, 1971 жылғы жүйкеге әсер ететін заттар

туралы Вена конвенциясы, есірткі заттар мен жүйкеге әсер ететін заттардың заңсыз айналымымен күрес туралы БҰҰ 1988 жылы қабылдаған конвенциясы[4].

Қылмыстық заңның жоғары заңдық күші бар, бұл дегеніміз - қылмыстық заңның тұрақты түрде қолданылатындығын және заңи нәтижелерді тудыратындығын білдіреді. Қылмыстық заңның жойылуы немесе өзгерістерге ұшырауы тек қана Қазақстан Республикасының Парламентімен жүзеге асырылады. Қылмыстық заң бүкіл Қазақстан Республикасының аумағында күші жүретін құқықтық акт болып табылады. Қылмыстық заңға бірде - бір нормативтік акт қайшы келмеуі қажет. Егер де қайшы келетін болса, қылмыстық заң қолдануға жатады. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі қылмыстық жауаптылықты қолдануды, қылмыстық жауаптылықтан босатуды және материалдық қылмыстық құқықтың басқа да ережелерін белгілейтін бірден - бір бастау болып табылады.

Қылмыстық заңға нормативтілік сипат тән, себебі ол өзінің қолдану уақыты барысында адамдардың жалпыға міндетті мінез - құлық реттейді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 2 бабы қылмыстық заңның міндеттерін анықтаған. Ол міндеттерге: адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, меншікті, қоғамдық тәртіпті, қоғамдық қауіпсіздікті, қоршаған ортаны, ҚР конституциялық құрылысын қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау, бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қылмыстардан сақтандыру болып табылады.

Өзіміз көріп отырғанымыздай, қылмыстық заң өзінің алдына екі негізгі міндетті қояды. Олар:

- Біріншіден адамның, қоғамның, мемлекеттің мүдделерін қорғау мақсатындағы қылмыстылықпен қылмыстық - құқықтық күрес жүргізу.

- Екінші міндет, қылмыстардан сақтандыру. Сақтандыру жалпы және арнайы сақтандыруды қамтып, жазаны орындау процесі барысында сотталған адамға қылмыстық емес мінез - құлықтың негіздерін қалыптастыруды білдіреді. Бұл міндетті орындалуына мемлекет тарапынан жүргізіліп отырған тиісті шаралар қуә бола алады. Мысалы: бас бостандығына айыру мекемелеріндегі жазасын өтеп жүрген адамдардың саны жағынан біз өткен жылы үшінші орында болсақ, биыл он сегізінші орынға түстік. Бұл мемлекеттің қылмыстық саясатының ізгілендіруінің белгісі ретінде қарастырылады.

Аталған міндеттерді шешу үшін қылмыстық заң қылмыстық жауаптылықтың негіздері мен қағидаларын, адамға, қоғамға, мемлекетке қарсы қандай іс - қимылдардың қылмыс деп танылатындығын, қылмыс жасағандығы үшін белгіленетін жазаның түрлері мен қылмыстық сипаттағы басқа да шаралардың түрлерін анықтайды.

Қылмыстық заң жазалау қатерімен қылмыстық іс - қимылдарды жасауға тиым салады. Сонымен қатар, қылмыстық заң жасалған іс - қимылда қылмыс құрамының бар немесе жоқтығы туралы, заңды негіздерде кінәлі адамдарды

қылмыстық жауаптылыққа тарту, қылмыстық жауаптылықтан босату туралы сәйкес органдар мен лауазымды тұлғаларға нұсқаулар береді. Яғни, нақты іс - қимыл үшін жауаптылықты белгілейтін қылмыстық - құқықтық нормалар тиым салатын нормалар ретінде қарастырылады. Олар тәрбиелік немесе сақтандыру мазмунында болады.

Қылмыстық құқықтық нормалардың сақтандырушы функциясы оларда белгіленген санкцияға негізделеді. Санкция арқылы қылмыс жасауға бейім адамдарға сақтандыру - тәрбиелік әсер жасалады. Қылмыстық - құқықтық нормалар азаматтарда заңды мүлтіксіз сақтау, қылмыс жасаған адамдарға шыдамдылық көрсетуді қалыптастыруға бағдарланған[5].

Қылмыстық құқықтың нормалары қоғамдық қатынастарды қорғап қана қоймайды, сондай - ақ оларды реттеуді жүзеге асырады. Құқық белгілі бір мінез - құлық ережелерін белгілей отырып, оларды реттейді.

Ойлап қарасақ, бізді қылмыс жасаудан ұстайтын бірден - бер тежегіш құрал қылмыстық жауаптылыққа тартылу қаупі. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, анкеталық сауалнама жүргізіп сұралған 80 адамның 75-і қылмысқа, қылмыстық жауаптылықтан қорыққандықтарынан ғана бармайтындықтарын көрсетті. Ыңғайлы жағдай туындаған кезде, қылмыстық жолмен баюға қарсы еместіктерін жасырмады.

Қылмыстық заң қылмыстық - құқықтық нормалардың көрініс нысаны болып табылады, да олардың жиынтығы қылмыстық құқықты құрайды. Сондықтан да бұл ұғымдар бір-бірімен байланысты. Заң мен құқық нормасы, заңдар жиынтығы мен құқықтық норма жиынтықтары, нысан және мазмун сияқты арақатынасқа түседі. Құқықтық мемлекет қуру барысында заң, соның ішінде қылмыстық заң да үлкен маңызға ие. Елде жүргізіліп отырған құқықтық реформа мемлекет пен қоғамдық өмірдің барлық салаларында заң үстемдігін қамтамасыз етуге, құқықтық тәртіпті нығайтуға кең жол ашады[6].

Соттың шешімдері, үкімдері, қаулылары құқықтың қайнар көзі ретінде қарастырылмайды. Олар тек қана нақты оқиғаға байланысты құқықтық нормалардың негізгі мазмұнын ашып, түсіндіреді. Соттың шешімі, қаулысы, үкімі тек нақты істерге байланысты ғана міндетті сипатта болады. Осы сияқты ҚР Жоғарғы Сотының басшылыққа алатын қаулылары да құқық нормасын шығармайды. Олар тек қана, құқықтық норманың мазмұнын ашып

• сіндіреді, талқылайды.

Заң әдебиеттерінде бұдан басқа да кезқарастар кездеседі. Мысалы, ілмыстық құқық оқулығында былай деп көрсетілген: «қылмыстық істерге айланысты жоғарғы инстанция болып табылатын, РФ Жоғарғы Соты ілмыстық құқықты қолдану мәселесіне байланысты түсіндірмелерді шығаруға құқылы. Заң бойынша бұл түсіндірмелер барлық соттарға міндетті патта болады. Себебі, қылмыстық құқықтың нормаларын қолданатын рлық құқық қорғау органдары, сотқа жұмыс істегендіктен, Жоғарғы :оттың басшылыққа алатын түсіндірмелері оларға қатысты міндетті сипатта -п айтуымызға болады». Яғни, берілген оқулықтың авторларының пікірі

бойынша Жоғарғы Соттың бұл қызметі норма шығармашылық қызметіне жатқызылады.

Бірақ та, жоғарыда көрсеткеніміздей, бұл көзқарас ҚР ҚК 1 бабына кереғар келеді. Себебі, ол жерде қылмыстық заң тек Қылмыстық кодекстен тұрады деп, ал ҚР ҚК 3 бабында іс - қимылдың қылмыстылығы мен жазаланушылығы тек Қылмыстық кодекспен анықталынады деп айқын көрсетілген.

Біздің қылмыстық құқықта сот прецеденті - нақты іске байланысты сот шешімі құқықтың қайнар көзі ретінде қолданылмайды. Сот прецеденті басқа елдерде құқықтың қайнар көзі ретінде қолданылады. Мысалы: Ұлабританияда, Канадада және т.б. елдерде. Кінәлі адамның қылмыстық жауаптылығын анықтау барысында сот заң ережелерін және жасалынған іс - қимылды бағалайды, түсіндіреді. Мысалы, ҚР ҚК 52 бабында жаза тағайындаудың жалпы негіздері көрсетілген. Қылмыс жасауда кінәлі деп танылған адамдарға, ҚР ҚК Жалпы бөлімінің ережелерін басшылыққа ала отырып, ҚР ҚК Ерекше бөлімінің сәйкес бабында көрсетілген шектерде әділ жаза тағайындалады. Жаза тағайындағанда сот істелген қылмыстың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесін, айыпкердің жеке басының ерекшеліктерін, мінез-құлқын, жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар, сондай-ақ тағайындалған жазаның сотталған адамның түзелуіне және оның отбасының немесе асырауындағы адамдардың тіршілік жағдайына ықпалын толық есепке алады. Қылмыс істеген адамға оның түзелуіне немесе жаңа қылмыс істеуден сақтандыруына қажетті және жеткілікті әділ жаза тағайындауы керек. Мұның езі соттың жаза тағайындауында заң талаптарымен қоса өзінің құқықтық сана-сезімін басшылыққа алатынын көрсетеді. Алайда, құқықтық сана-сезім құқық нормасы болып табылмайды. Ол сотқа тек қана қылмыстық құқықтық норманың мазмұнын дұрыс түсінуге жөн сілтейді. Қылмыстық заң, басқа заңдар сияқты барлық лауазымды адамдар, азаматтар, заңды тұлғалар үшін міндетті күші бар заң нормасы болып табылады. Оны қандай да бір болмасын сылтаумен бұзуға немесе орындамауға жол берілмейді. Қылмыстық заң қылмыстық құқықтық норманы білдірудің нысаны, ал оның нормасы оның мазмұнының көрінісі болып табылады.

Қылмыстық заңды түсіндіруге қатысты заң әдебиеттерінде көптеген ғалымдардың тужырымдары бар. Мысалы, профессор А.Н.Ағыбаевтың пікірінше: "Қылмыстық заң - ҚР-ң конституциясына сәйкес Республика Парламенті қабылдаған құқықтық акт болып табылады".

Г.Ф.Поляновтың пікірінше: "Қылмыстық заң - қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық белгілейтін, заң шығару функциясын жасай алатын ҚР-н жоғарғы өкілді органының нормативтік құқықтық актісі болып табылады"[7].

Қылмыстық заң - халықтың еркін орындау үшін, мемлекеттің ең жоғарғы заң шығарушы органы қабылдаған өзара тығыз байланысты заңдық нормалардан куралған, нормативтік-құқықтық акт болып табылады. Өзара

тығыз байланысты нормалардың бірі, қылмыстық-жауаптылық негізі мен қағидаларын және қылмыстық заңның жалпы ережелерін белгілесе, екіншісі, қоғамға қауіпсіздік іс-әрекеттің қайсысы қылмыс болып табылатынын анықтайды және қылмыс жасаған адамға қолданылатын жазаны немесе тиісті жағдайларда қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатудың шарттарын белгілейді.

Қылмыстық заңның бұл анықтамасы оның кең мағынадағы ұғымын береді. Ол ең алдымен, Қылмыстық Кодекске қатысты[1].

Заң ол құқықтық мемлекеттің ірге тасы болып табылады, азаматтық бостандықтары мен тентігін қорғаудағы, қоғамдағы тәртіп және ұйымшылдықтың сақталуындағы кепіл, әлеуметтік әділеттік қағидасының кепілі болып табылады. Жалпы заңдардың, соның ішінде қылмыстық заңның мазмұны қоғам өмірінің материалдық шарттарымен, оның мүддесімен және тұтынушылық қажеттілігімен анықталады. Қылмыстық заң, заңдылық, азаматтық заң алдындағы теңдігі т.б. қағидаларға негізделеді.

Қылмыстық заң ол тарихи өзгермелі санат болып табылады. Қоғамдық өндірістің дамуы өндірістік және өзге қоғамдық қатынастың жетілуі, қоғамдық өмірдің әлеуметтік-экономикалық саяси және идеологиялық шарттарының өзгеруі қылмыстық заңға өзгертулер мен толықтырулардың іенгізілуін қажет етеді.

Қылмыстық заңның басты белгілері мен маңызын төмендегідей көрсетуге олады:

1. Қылмыстық заңның негізгі белгісі, ол жеке тұлғаны, оның құқықтары ең бостандықтарын, табиғатты, қоршаған ортаны, меншікті, қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді және қажеттіліктерді бүтіндей алғанда, барлық іқтық тәртіпті қылмыстық қол суғушылықтан қорғау болып табылады. міндеттердің тізбегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 2-інде айқындалған. Әрине бұл баптағы тізбектелген қылмыстық заңның ідеттері үлгілі ғана тізбек, яғни қылмыстық заңмен қорғалатын негізгі, сты құндылықтар Осы 2-баба қатысты Қазақстан Республикасы қылмыстық Кодексінің Ерекше бөлімі құрылған

2- Қылмыстық заң, Қазақстан Республикасының Конституциясына және ықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған қағидалары мен нормаларына іделеді. Конституция Қазақстан Республикасындағы әрекет ететін лық нормативтік құқықтық актілердің негізгі ірге тасы болып табылады. қстан Республикасының Конституциясында бастау алған негізгі [алар мен нормалар өз жалғасын және норма жүзінде белгіленуін стан Республикасының Қылмыстық кодексінде тапқан.

Құқықтық мемлекеттегі қылмыстық заң, қылмыстық саясатты жүзеге ұдың негізгі куралы болып табылады. Ол қоғамның дұрыс тынысының суына, шынайы халық билігінің үстем туруына бағытталған. 1991 Қазақстан Тәуелсіздік алып егеменді мемлекет болғасын, өзіміздің ызға демократиялық қоғам және құқықтық мемлекет қуруды бекем бел ыш. Ол туралы біздің Ата заңымызда айтылған. Осындай құқықтық

мемлекеттегі үстем тұрушы тек қана заң болуы қажет[8]. Барлық азаматтар осы заңға сәйкес әрекет етіп, заң талаптарын булжытпай орындауы тиіс.

4. Қылмыстық заң, қылмыстық құқықтың жалғыз ғана қайнар көзі болып табылады. Өйткені, қылмыстық құқықтың нормалары тек қана қылмыстық заңда белгіленген және тек қана қылмыстық заң іс-әрекеттің қылмыстылығы мен жазалануын белгілейді. Біздің мемлекетімізде қылмыстық әрекеттерді белгілеп, жаза тағайындайтын тек қана Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қылмыстық заңнан басқа, онымен қатар жүретін қылмыстық заңдар жоқ.

5. Қылмыстық заң, қылмыстық жауаптылықтың негізі мен кағидаларын бекітеді және қылмыстық құқықтың жалпы ережелерін қалыптастырады. Қылмыстық кодекс Жалпы және Ерекше бөлімге бөлінген. Жалпы бөлімде шартты алғанда қылмыс және жаза сияқты екі институттың бірлігі қалыптасқан. Ал Ерекше бөлімде нақты қылмыс құрамдары мен оларды істегені үшін қылмыстық жазаның түрлері мен шегі көрсетілген.

6. Қылмыстық заң, қандай қоғам қауіпсіздігі іс-әрекеттің (әрекет немесе әрекетсіздік) қылмыс қатынасына жататынын анықтайды және қылмыс жасаған адамға жаза белгілейді немесе тиісті жағдайда қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатудың шарттарын айқындайды[9].

7. Қылмыстық заң, қоғамдық өмірдің элеуметтік-экономикалық, саяси және идеологиялық шарттарына оның мүдделері мен қажеттіліктеріне сәйкес келеді, бұл сәйкестік жойылатын болса, қылмыстық заң немесе оның жекелеген нормалары заң шығарушымен алынып тасталады.

8. Қылмыстық заңның қабылдануы және оның сот тәжірибесінде қолдануы, қылмыстың алдын-алуға азаматтарды Қазақстан Республикасының Конституциясы және басқа да заңдардың рухында тәрбиелеуге мүмкіндік береді[10].

Сонымен, қылмыстық заң дегеніміз - қылмыстық жауаптылықтың негіздері мен кағидаларын белгілейтін, қандай қоғамға қауіпті іс - қимылдарды қылмыс деп тануды, оларды жасағандығы үшін қандай жаза қолдану керектігін және қылмыстық жауаптылық пен жазадан босату мүмкіндіктерін анықтайтын, мемлекеттік билік органдарымен қабылданған нормативтік актіні айтамыз.

Падалағылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі. 16 шілде 1997ж Алматы, Юрист 2012 ж- 144 б.
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне. Түсінік. - Алматы ЖШС "Издательство "Норма-К", 2010. - 648-бет.
3. Қазақстан Республикасының Конституциясы: Алматы: Жеті жарғы, 2012 ж. - 136 б.
4. Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенция. 1961ж
5. Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Жалпы бөлім. Алматы, 2010ж. 320 б

6. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Халқына жолдауы 2012 жыл.

7. Уголовное право. Общая часть: Учебник / Под ред. В.Н. Петрашева.- М., 2009.-310 с.

8. Курс уголовного права. Под ред Н.Ф.Кузнецовой. Т.1. М., 2009г.

9. Бапанов Т.Ә., Әбілезов Е.Т.Қазақстан Республикасы Қылмыстық құқығы альбом үлгісі жалпы бөлім Алматы Дәнекер 1998.- 242бет.

10. Крылова Н.Е., Серебренникова А.В. Уголовное право современных зарубежных стран. М., 1997г.

Засоба И.В.

студент 2 курса

Университета им. Д.А. Кунаева

Научный руководитель: Абдувалиев Р.А.

Электронно-цифровая подпись, как основа реализации концепции предоставления электронных услуг физическим лицам на государственном веб-портале

Термином «электронное» правительство» (e-Government) обозначают единую систему, которая объединит все государственные органы и позволит им оказывать услуги населению с помощью Интернета, электронных терминалов или даже мобильного телефона. Причем не только физическим лицам, но и компаниям или предпринимателям.

Взаимодействия между государством, бизнесами и гражданами и Доставляют основные модели внутри электронного правительства: G2C (государство-граждане), G2B (государство-бизнес) и G2G (государство-государство).

Идея создания электронного правительства в нашей стране была инициирована главой государства в ежегодном Послании народу Казахстана по вхождению республики в число пятидесяти наиболее конкурентоспособных стран мира. Десятого ноября 2004 года программа по внедрению электронного правительства была утверждена Указом Президента О Государственной программе формирования электронного правительства в республике Казахстан на 2005-2007 годы".

Реализация программы предполагала поэтапное решение следующих задач:

На первом этапе формирования электронного правительства - публикация и распространение информации.

Второй- предоставление интерактивных услуг путем прямого и братного взаимодействия между госорганом и гражданином.